

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі  
Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Қоғамдық - гуманитарлық әдістеме бірлестігінің  
жылдық есебі  
2022-2023 оқу жылы

Ә/б жетекшісі:   Хабал А.

«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында пәндерді оқытудың инновациялық процесін енгізу» проблемалық тақырыбы негізінде жұмысын бастады.

**Қоғамдық-гуманитарлық әдістеме бірлестігінің проблемалық тақырыбы:** «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудың инновациялық процесін енгізу».

**Мақсаты:**

1. Білім беру барысында оқытудың жаңа технологияларын тиімді әрі дұрыс пайдалану;
2. Оқушылардың тіл байлығын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу;
3. Рухани адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу.

**Міндеті:**

- оқу әрекеттерінің негізгі дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың оқуға деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін, жеке тұлғасын дамыту;
- өзіне және айналасындағыларға оң қарым-қатынас жасай алуға, адамгершілік пен эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.

Гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің құрамына 7 мұғалім енеді. Олар: Хабал А., Айтқожина А.Д., Жағслағ Г., Мустафина К.М., Оралов Ш.М., Амангелді Е.Ж., Мағзумова А.О.

Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай. Маман емес мұғалімдер жоқ. Жоғары білімді – 5 мұғалім, педагог-сарапшы- 4мұғалім, педагог-модератор- 1 мұғалім, санатсыз-2 мұғалім бар.

Тамыз айының соңғы күндерінде гуманитарлық пән мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің бірінші отырысы өтті. Отырыста мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Сонымен қатар, жаңа бағдарлама бойынша сабақ беретін барлық мұғалімдердің ҰМЖ,ОМЖ және күнтізбелік тақырыптық жоспарлары, оқу жоспарының жылжымалы бөлігіндегі таңдау пәндерінің бағдарламалары қаралып, бекітуге жіберілді. Оқу жылының басынан әдістеме бірлестігінің жоспары бірінші отырыста құрылып, бекітуге ұсынылды. Бірінші отырыста 2021 - 2022 оқу жылындағы бірлестік жұмысының қорытындылай келе, осы оқу жылының мұғалімдердің күнтізбелік жоспары талданып, тексеріліп, бекітуге ұсынылды. Пән апталықтарының жоспары құрылды. Апталықта пән бойынша жауап беретін мұғалімдер бөлініп, белгіленді. Әр отырыста оқылатын баяндамалар тақырыбы, апталықтарда өткізілетін ашық сабақтар тақырыбы белгіленді. Әр ұстаз әдістемелік тақырыптарын ары қарай жалғастыратындары айтылды. Ә/Б жетекшісі журнал толтыру және дәптермен жұмыс барысында толтырылуы, бағалау, тексеру ережелерімен таныстырды. Оқу жылы басталысымен пән мұғалімі оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтарды

кітапханашыдан алды. Ұстаздар жыл бойына республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдарға, әдістемелік журналдарға жазылып отырады.

Жұмыс дәптерлері, бақылау жұмыс дәптерлерінің әр сыныпта басталғандығын тексеру, сондай-ақ күнделікті жұмыс дәптерлерінің тексеріліп тұруын қадағалау және алғашқы бақылау жұмыстарының кестесі құрылды.

**Қазақстан Республикасы халқының Тілдер күніне арналған онкүндік 2022-2023 жылы төмендегі жоспар бойынша өткізілді.**

Қазақстан халқының тілдері күні мерекесінің іс-шаралар жоспары

Өзен жалпы орта білім беретін мектебі.

2022 жылғы 5-16 қыркүйек аралығы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Ахмет және тіл тағылымы» атты онкүндіктің ашылуы	5 қыркүйек	Хабал А.
2	«Ахмет бізбен» викторина өткізу	15 қыркүйек	Жагслаг Г. Мустафина К.М. Амангелді Е.Ж.
3	«Дәуірдің жарық жұлдызы» атты Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған кітап көрмесі.	5-16 қыркүйек	Кітапханашы Конурбаева А.Е.
4	«Ұлылықтың отын жаққан шырақшы» атты әдеби кеш	7 қыркүйек Әдеби кеш	Жагслаг Г. 5-11 сын
5	«Ахмет-ұлт ұстазы» тақырыбында эссе жазу	8 қыркүйек	Хабал А. 9-11 сын
6	Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған ашық сабақ, сыныптан тыс жұмыстар.	9 қыркүйек	Сынып жетекшілер
7	А.Байтұрсынұлы «Ұлы - педагог» дөңгелек үстел	12 қыркүйек	Мустафина К.М.
8	«Орта жүздің бас бийі-Қаз дауысты Қазыбек би» көркемсөз сағаты	13 қыркүйек	Оралов Ш.М.
9	«Өнегелі өмір» (М.Әуезовтың туғанына 125ж)	14 қыркүйек	Хабал А.
10	«Ауылым -алтын бесігім» бастауыш сынып пен балабақша бүлдіршіндері арасында сурет байқауы	14 қыркүйек	Бастауыш сынып жетекшілері мен тәрбиешілер.
11	Бүлдіршіндер арасында «Бала тілі –бал» атты мәнерлеп оқы байқауы	15 қыркүйек	Бастауыш сынып жетекшілері мен тәрбиешілер.
12	Қазақстан халқының тілдері	16 қыркүйек	Сынып


	күні мерекесіне орай өткізілген он күндіктің жабылу салтанаты.		жетекшілер мен тіл мұғалімдері.
--	--	--	---------------------------------

Қазақстан халықтары тілдері онкүндігі 5-16 қыркүйек арасында жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.

«Ахмет және тіл тағылымы» атты онкүндігі 5 қыркүйек күні тіл туралы өлеңдер мен қанатты сөздер оқылып ашылуы салтанатты түрде болды. Мектебіміздің қазақ тілі,ағылшын тілі,орыс тілі,Қазақстан тарихы,бастауыш сынып мұғалімдері мен шағын орталық,мектепалды даярлық сыныптары тегіс ат салысты.

Мектептің кітапханашысы Конурбаева А.Е «Дәуірдің жарық жұлдызы»атты Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған кітап көрмесін ұйымдастырды.

«Ұлылықтың отын жаққан шырақшы»атты әдеби кешті қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері 5-11 сынып арасында ұйымдастырды. «Ахмет-ұлт ұстазы» тақырыбында эссе жазудан 10 сынып оқушысы Қайролла Шолпан үздік деп танылды.



А.Байтұрсынұлы «Ұлы -педагог» дөңгелек үстел орыс тілі пәні мұғалімі Мустафина К.М. 7-11 сынып оқушылары мен мұғалімдер арасында 12 қыркүйек күні өткізіп ұлы педагогтың еңбектері туралы сөз бөлісті. Хабал А. 10 -11 сынып оқушыларымен «Өнегелі өмір» (М.Әуезовтың туғанына 125ж) танымдық сабақ өткізді.

«Ауылым -алтын бесігім»бастауыш сынып пен балабақша бүлдіршіндері арасында сурет байқауына шағын орталық,мектепалды даярлық сынып барлық бастауыш сынып оқушылары қатысып ең үздік деп 4 сынып оқушысы Кенес Нұрмұхан мен шағын орталықта Айтмұханбет Әсем жеңімпаз атанды.

Бүлдіршіндер арасында «Бала тілі –бал» атты мәнерлеп оқы байқауы ұйымдастырылып ең үздік деп танылған бүлдіршіндер марапатталды.



Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткізілген он күндіктің жабылу салтанаты 16 желтоқсан күні өткізіліп Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері мен мысалдарынан көрініс қойылып тіл туралы өлең жолдары оқылды. Ұлтымыздың ұлы тұлғасының еңбегі мен өмір жолы дәріптеліп болашақ ұрпаққа үлгі болды.



1.Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған сыныптан тыс жұмыстар. Өткізген мұғалімдер Хабал А.,Жагслаг Г.



Бірлестіктегі барлық мұғалімдер жекелеген пәндер бойынша мемлекеттік стандартқа сай бөлініп берілген сағат жүктемелеріне сәйкес жұмыс жасады. Жыл басынан бірлестік отырысына талданып, қабылданған қаулыға сәйкес жұмыс жоспары құрылды. Сонымен қатар әр тоқсан сайын болатын отырыстардың мәселелері сараланып, жоспармен бірге бекітілді. Әр тоқсан сайын бірлестік отырыстары өткізіліп, хаттама толтырылып отырды.

**2022-2023 оқу жылының пәндік онкүндіктер өткізу ЖОСПАРЫ**

Айы	Пән айлығы	ДО жауаптылар ӘБ жетекшілері	Пән мұғалімдері
Қыркүйек	Тілдер мерекесі	ОІМ Айтқожина А.Д.	Айтқожина А.Д. Хабал А. Жагслаг Г. Мустафина К.М. Амангелді Е.Ж.
қазан	Орыс тілі, шет тілдерінің онкүндігі	ОІМ Хабал А.	Амангелді Е.Ж. Мустафина К. М.
қараша	Математика онкүндігі	ОІМ, Асылхан Сайра	Бектурганова Г. Б. Коктиева Ж. А.
Желтоқсан	Тарих мұғалімдерінің онкүндігі	ОІМ. Хабал А.	Оралов Ш.М. Мағумова А.О.
Қаңтар	Биология, химия онкүндігі	ОІМ Асылхан Сайра	Асылхан С. Тукеева Г.Ж. Сарин Ж. Т.
Ақпан	География Информатика Физика онкүндігі	ОІМ Асылхан Сайра	Коктиева Ж.А. Асылхан С. Калдарбеков Т. Т.
Наурыз	Қазақ тілі мен әдебиетінің онкүндігі	ОІМ Хабал А.	Айтқожина А.Д. Хабал А. Жагслаг Г.
Сәуір	Бастауыш сынып апталығы	ОІМ Оңғарбай Ж.	Базарбаева А.О. Бейлхан Ж. Оңғарбай Ж. Сертай А.Т. Наймантаева А. Х.

Сәуір	«ҒЫЛЫМ күні» оқушылардың жобаларын қорғау	ОІМ Асылхан С. Базарбаева А Хабал А.	Асылхан С. Базарбаева А.О. Хабал А.
Мамыр 01-12	Денешынықтыру, көркем еңбек АӨТД онкүндігі	ОІМ Асылхан С.	Касымбаев Б.Т. Сұлтан Е Аманбеков А. Махмет Гания

Жыл бойына құрылған ашық сабақтардың жоспарына сай 28 қазан күні 6 «А» сыныпқа орыс тілінен «Ветры имеют свои названия» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Онда мәтінде салыстыру, сөйлемде зат есім мен етістікті дұрыс қолдана білу, сөйлем ішінен етістікті таба білуге арналған тапсырмалар берілді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Кері байланыс, қалыптастырушы бағалау сабақтың өн бойында жүргізіліп отырды.



Мектепшілік пән олимпиадасы өткізіліп қазақ тілінен 6 сынып оқушысы Бекнур Айша аудандық кезеңге қатысты.

Тарих онкүндігі желтоқсанның бесінен бастап он төртінші желтоқсанға дейін болды. Тарих пәнінен екі мұғалім сабақ береді. Оралов Ш.М. педагог-модератор, Мағзумова А.О. педагог. Онкүндік төмендегі жоспар бойынша өткізілді.

	Өткізілетін іс-шара	Тақырыбы	Мерзімі	жауапты
1	Онкүндіктің ашылуы	Тарих-елімнің өткені мен болашағы	05.12.2022	ӘБ жетекшісі Оралов Ш.М. Мағзумова А.О.
2	Ашық сабақ	Сақ патшайымы Томирис 5 сынып:	09.12.2022	Оралов Ш.М.
3	Сыныптан тыс жұмыс	Тарих - ғасырлар куәсі 8 сынып:	12.12.2022	Оралов Ш.М.
4	Ашық сабақ	Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы	09.12.23	Мағзумова А.О
5	Сыныптан тыс жұмыс	«Ойлан тап» танымдық сайыс	14.12.23	Мағзумова А.О

**Оралов Ш.М. 5 «А» сыныбындағы Қазақстан тарихы сабағынан «Сақ патшайымы Томирис» тақырыбы ашық сабақ өткізді.**

**Оқу мақсаты:** 5.3.2.1 – Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық Сабақ жалпы білім беру дағдыларын дамытудың психологиялық-педагогикалық сипаттамаларына, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес жасалды. Сабақта барлық оқушыларды қатыстыруға тырыстым.

Сабақтың мақсаттары оның оқу тақырыбындағы орнына, Қазақстан тарихын оқыту бағдарламасының және осы сыныпқа арналған оқу жоспарының талаптарына сәйкес келеді. Бұл сабақтың мазмұны игерілген материалды тек оқу барысында ғана емес, сонымен қатар нақты өмірлік жағдайларда да қолдануға бағытталған.

Сабақтың мәселелері мен ақпаратты сақтауға және оны әр түрлі жағдайларда мида ұзақ қалдыруға екенін саналы түрде ұмтылуға тәрбиелеу үшін қолайлы. Бұл олардың рефлексия кезеңіндегі жауаптарынан көрінеді. Оқушылар есте сақтау үшін қажетті критерийлерді анықтап, синхронды аударма техникасын қолдануға тырысты, бұл біздің ойымызды стресстік жағдайларда тез шешім табуға мәжбүр етеді.

Сабақтың таңдалған мазмұны, сабақ жабдықтары, сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылардың белсенді ойлау әрекетін ұйымдастыру,




оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жеке, фронтальды және топтық формалары, сабақта әртүрлі әдістерді қолдану, оқулықпен жұмыс және сабақтың білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етті, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандырды.

Мен материалды игеру және пайдалану деңгейін, оқушылардың танымдық белсенділігін, олардың өзіндік ойлау деңгейін жақсы деп бағалаймын. Сабақта есте сақтау сәті ерекше маңызды болды.

Сондай-ақ, мен балаларға психологиялық жайлылық жағдайын жасауға тырыстым, сондықтан балалар өз көзқарастарын еркін айтуға қорықпайды және қысылмайды. Осылайша, оқушылар сабақта белсенді, ұқыпты, жұмысқа қабілетті болды. Менің көзқарасым бойынша педагогикалық этика мен әдептілік нормалары сақталды.

Жалпы сабақ жақсы деңгейде өтті. Сабақтың атмосферасы мейірімді, шығармашылық болды, балалар қуана жұмыс істеді, өз қызметінің нәтижелеріне риза болды. Оқытудың мазмұны, формалары мен әдістері сабақтың мақсаты мен оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкес таңдалды. Оқушылар жоғары деңгейде түсінгендерін көрсетті. Оқушылардың психикалық және физикалық жүктемесі жұмыс нысандары мен қызмет түрлерінің өзгеруіне байланысты болған жоқ. Сабақтың барлық кезеңдері өтті. Сабақтың уақыты сақталады. Бағалар сабақ соңында айтылды.



**Мағзумова А.О. мұғалім 6 «А» сыныбында өткізген Қазақстан тарихы «Қазақстан аумағындағы ұлыстардың құрылуы. Алтын Орданың гүлденуі және ыдырауы.» тақырыбында ашық сабақ өткізді.**

Сабақтың мақсаты:

6.1.1.2. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау.

6.3.1.7. ортағысрлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау.

Дискриптор: Алтын Орда мемлекеті күшеюіне ықпал еткен факторды атап, пікірін негіздейді;

Алтын Орда мемлекетінің қоғамдық құрылысының сатыларын талдайды;

Алтын Орданың көрші мемлекеттермен қарым-қатынасының жетістіктеріне дәлел келтіреді;

Мемлекеттің әлсіреуіне әсер еткен негізгі факторды, жанама факторды атайды.

Сабақ оқушылардың зейінін сабаққа аудару мақсатында сыныпта психологиялық жағымды климат орнатудан басталды.

Ұйымдастыру кезеңі өзін – өзі тексеру, өткен білімді еске түсіруден мақсатында талқылау сұрақ қоюдан басталды. Оқушылар өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшті.

Жаңа білімді игеруде Алтын Орда мемлекетінің өмірдік цикілін зерттеде топтық жұмыс постер дайындау тапсырылды. Оқушылар Алтын Орданың құрылуына, күшеюіне және әлсіреуіне әсер ететін үш факторларды атады.

Жаңа тақырыптың материалын толыққанды игеру мақсатында оқушылармен жеке жұмыс «Тарихи диктант», «Семантикалық карта», «Кім жылдам» әдістері қолданылды. Тақырып бойынша сұрақ – жауап әдістемесі арқылы сабақты қортындылап, оқушыларды бағалады.

Сабақ барысында оқушылар өздерін еркін ұстап, ойларын ашық айта білді.



**Қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігі наурыздың тоғызы жұлдызында жоспар бойынша «Қазақ тілі-елімнің ертеңі» тақырыбымен ашылды. Онда әр сынып қазақ тілі туралы тақпақтар мен мақал мәтел, қанатты сөздерді мәнерлеп оқыды. Қаймағы бұзылмаған қазақ тілінің қасиеттері айтылды. Мұғалімдер ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстарды жоспар бойыншы өткізді,**



	Өткізілетін іс-шара	Тақырыбы	Мерзімі	жауапты
1	Онкүндіктің ашылуы	Қазақ тілі-елімнің ертеңі	09.03	ӘБ жетекшісі
2	Ашық сабақ	«Зат есімнің тәуелденуі» 5 «А»сынып	13.03	Айтқожина А.Д.
3	Ашық сабақ	«Шана сүйреген бала» 6 «А»сынып	14.03	Хабал А.
4	Ашық сабақ	9 «А»сынып Ашық сабақ тақырыбы: "Отбасы - ұлты құндылығы. Салалас құрмалас сөйлемдер.	15.03	Жагслаг Г
5	Сыныптан тыс жұмыс	Абай Құнанбайұлы «Қара сөздері» 6 «А»сынып	15.03	Хабал А
6	Сыныптан тыс жұмыс	Ахмет Байтұрсынов 130 жыл « Мысал» 5 «А»сынып	14.03	Айтқожина А.Д.
7	Сыныптан тыс жұмыс	Қазыбек би-330 жыл	16.03	Жагслаг Г.

		9 «А»сынып		
8	Сыныптан тыс жұмыс	Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда»	17.03	Хабал А.
9	Мектепшілік іс-шара	Әдеби кеш	17.03	Хабал А Айтқожина А.Д. Жағслағ Г.

Айтқожина А.Д. 5 «А»сынып «Зат есімнің тәуелденуі» тақырыбында ашық сабаған өткізді. Сабақта жеке, жұптық, топтық жұмыстар болды. Сараланған тапсырмалар беріліп ауызша, жазбаша, айтылым, жазылым тапсырмалармен оқушылар жұмыс жасады. Оқушылар жұмыс жасап дағдыланған өз ойларын жеткізе алады. Сабақтың мақсатына жетті, кері байланыс болды. Мақсатқа жету жолында түрі әдіс-тәсілдерді қолданды.



Сыныптан тыс жұмыс Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай мысал өлеңінен «Өгіз бен Бақа»мысалын инпровизация жасап көрініс етіп қойды. Оқушылар көрніске жан тәнімен үлкен құлшыныспен көрсетті.



Хабал А. 6 сыныпта «Шана сүйреген бала» тақырыбы бойынша ашық сабағын өткізді. Сабақта жеке,жұптық, топтық жұмыстар болды. Оқушылар өзін-өзі бағалау,өзгені бағалады. Кейіпкерлерді картасын толтырып өзі таңдаған кейіпкер туралы мәліметтерді толық аша білді.Кубизм стратегиясы бойынша талдаңыз,суреттеңіз,қолданыңыз,салыстырыңыз бойынша жұптық жұмыстар атқарды.Оқушылар шығарманы әр қырынан толық талдай алды,Сабақ соңында кері байланыс «Бағдаршам»әдісі арқылы берілді,



Сыныптан тыс жұмыс Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда»поэмасын көрінісі арқылы берілді. Оқушылар ролдерге еніп өз шеберліктерін көрсете білді,



Жагслаг Гулмайра 9 «А»сыныбында қазақ тілінен ашық сабақ «Отбасы - ұлт құндылығы» тақырыбында өткізді. «Алақандағы тілек» әдісі Алақандағы тілекті оқып, қалаған сыныптасына береді. Сұрақ жауап арқылы өткен сабақпен байланыс жасады.



**-тапсырма. Бейнероликті мұқият қарап, төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыздар. (Топтық тапсырма)**

1. Отбасы құндылықтарын түсіндіріп сипаттаңыз.
2. Сіздің отбасыңызда қандай құндылықтар сақталған?

**3-тапсырма. Берілген сөйлемдерді пайдаланып, салалас құрмалас сөйлем жасаңдар және мағыналық түрін түсіндіріңдер. Сөйлем мүшесіне талдаңдар.**



Кері байланыс

«Алақандағы тілек» әдісі. Алақанға тілек жазып, сабаққа пікірін білдіреді.

Сабақта жұптық, жеке жұмыстар жасалды. Әдіс тәсілдерді тиімді қолдана білді, Сабақтың өн бойында қалыптастырушы бағалау болды.

Сыныптан тыс жұмыс Қазыбек би 330 жылдығына арналды.

Мақал – мәтелдермен ойтолғаныспен басталды. Оқушылар Қазбек бидің шешендік сөздерін талқылап



НЕ БІЛДІК? НЕ ҮЙРЕНДІК? әдісі арқылы қорытындылады.

Қандай қазақ би – шешендерімен таныстық?

Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би.

Шешендік – билер жалпы қандай болуы керек?


Яғни, қайраткер, дау, билік, дарынды, сауатты, ұтымды болулары керек. Бабаларымыз айтқандай «Бата менен ел көгерер, жанбыр менен жер көгерер.» Соңында Қазыбек бидің шешендік сөзіне

рөлдік көрініс көрсетілді. Оқушылар Қазыбек би туралы мәліметтермен сусындады.  
[blob:https://web.whatsapp.com/3f71b382-a762-4f00-8d2f-bc716c5b795b](https://web.whatsapp.com/3f71b382-a762-4f00-8d2f-bc716c5b795b)

2022-2023 оқу жылдары қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен көптеген шығармашылық байқаулар болып өтті. Осындай байқауларға Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары арасында өтетін республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауының аудандық кезеңінде 11 сынып оқушысы Орынбай Әдия ІІ орын иеленсе,



Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары арасында өтетін республикалық «Әбіш оқулары» байқауының аудандық кезеңінде 11 сынып оқушысы Ерболат Рустем І орын, облыстан жүлделі ІІІ орынды иеленді.



Аудан мектептерінің 8-9 сынып оқушылары арасында «Ахмет Байтұрсыновтың 150 және Габиден Мұстафиннің 120 жылдығына арналған аудандық викторина байқауына белсенді қатысқаны үшін» 7 сынып оқушысы Шакиева Наргиз марапатталады.



Ақмола облысы білім басқармасының  
Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі

## СЕРТИФИКАТ

Аудан мектептерінің 8-9 сынып оқушылары арасында «Ахмет Байтұрсынұовтың 150 және Габиден Мұстафинің 120 жылдығына арналған аудандық викторина байқауына белсенді қатысқаны үшін

Билік аяулының мектебі  
мектебінің  
сынып оқушысы Шанисла Нургали

марапатталады.

«Зеренді ауданы бойынша  
білім бөлімі» ММ басшысы



Д.Нурова

Зеренді-2022